Аулалық жарық беру шамдармен қойылған, жазғы спорт алаңы (футбол және баскетбол) алаңдары қарастырылған. Жүгіруге арналған жолдар бар. Мектеп ауласында тұрмыстық қалдықтарға арнайы орын қойып үш жағынан қоршалып, мектеп ғимаратынан алшақ жерде темірден жасалынған қақпағы бар қоқыс жинағыш қойылған. Жиналған қоқысты шығаруға келісім шарт бар.

Мектеп ғимараты 2023 жылы салынған, сыйымдылығы бойынша 300 орынға арналған. Мектептің жалпы алаңы 7.5000 га. пайдалы мектеп алаңы 2492,1 м², мектептің санитариялық - эпидемиологиялық сараптау №KZ 89VWF00164038 15.05.2024 жыл қорытындысы бар. Терезелер метало пластиктен жасалынып жалюздер ілінген. Жарықтандырылуы табиғи және жасанды аралас люминесттік шам арқылы. Желдетілуі қабырға көздері және терезе арқылы сынып бөлмелері қабырғаларына білім беруге қажетті көрсеткіш құралдарымен буклеттер, плакаттар мен жабдықталған. Бөлмелер мен қабырғалары және едендері жууға және залалсыздандыруға төзімді материалдардан. Сынып бөлмелері стол, орындық, шкаф, тақта, қамтамасыз етілген. Есіктері ағаштардан жасалып, мектептің фойе, рекреациялар, бірінші қабат дәліздері керамогранитпен жабылып, екінші қабаты линолеуммен сынып бөлмелерінің едендеріде линолеуммен жасалынған .

«Жібек жолы ауылының мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Казакстан Республикасы «Төтенше жағдайлар министірінің Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 21 ақпандағы №55 бұйрықпен бекітілген өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келеді. Ғимаратта осы қағидаларға сәйкес келтірілген эвакуациялау жоспары әзірленді. Эвакуациялау жоспарлары адамдарды қауіпсіз эвакуациялауды жүргізу, өртке қарсы қызметті шақыру және өрт сөндіру бөлімшелері келгенге дейін өрт сөндіруді ұйымдастыру бойынша ұйым жұмыскерлерінің іс-қимыл жасау тәртібі іс-шарасы бар. Эвакуациялау жоспарлары ғимараттың әр қабатында, эвакуациялық шығу жолдарында дәліздің ұзындығы бойымен 20*20 метрден аспайтын қашықтықта ілінді. Сондай-ақ ғимаратта өрт кезінде электр энергиясын өшірген жағдайда, кезекші персонал жұмысқа қабілетті жай - күйдегі электр фонарларымен қамтамасыз етіледі. Фонарлар санын ұйым басшысы объектінің ерекшеліктеріне байланысты, бірақ әрбір кезекшіге кемінде 1 фонардан беріледі, және жарамды бастапқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етіледі.

Ғимарат шатырларындағы сыртқы өрт сөндіру сатысы мен қоршауы жарамды күйде күтіп-ұсталған, өрт шкафтары оларда өрт краны жабдығының жинағын және өрт сөндіргіштің өрт сөндіру құралының массасы кемінде 5 килограмм, кемінде екі қол өрт сөндіргішін, сондай-ақ адамдардың жеке қорғану және құтқару құралдарын орналастыру мүмкіндігімен орнатылған. Жыл сайын өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының жұмысқа қабілеттілігіне техникалық қызмет көрсетуді, мектеп шатырын өңдеу, алдын ала жөндеуді жүргізуді лицензиясы бар, жеңімпаз серіктестік қызмет көрсетеді. Әрбір жаңа оқу жылында өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестігі тексеріліп, нәтижесі

туралы ғимаратты қолдану акті беріледі. (Акт қоса тігіледі).

Мектептің жабдықталған медициналық пунктпен қамтамасыз етілген. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің "Білім беру ұйымдарының білім алушылары және тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 7 сәуірдегі № 141 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15131 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 141 бұйрық) сәйкес медициналық қызметке лицензияның немесе балаларға медициналық қызмет көрсету құқығымен медициналық қызметке лицензиясы бар.

Мектеп ғимаратындағы медициналық пункті 2 бөлмеден тұрады: қабылдау және ем шара бөлмесі. Күнделікті медициналық көмек көрсетуге арналған құрал - жабдықтармен және дәрі - дәрмектер жиынымен қажетті мөлшерде жабдықталған. Ем шара бөлмесінде препараттарды (МИБП) сақтау үшін 1 тоңазытқыш қойылған. Жеке компьютер, медициналық стол, шкаф, кушетка, және жұмыс столы орындықтармен жабдықталған. Стерильді мақта салынған бикс және 70 пайыздық этиль спирті, 6 перекись водорода ерітіндісі бар. Бір реттік стерильді перчатка, шпательдер, термометр, тонометр қарастырылған. Пайдаланылған заттарды залалсыздандыруға арналған ыдыс бар. Дезинфекция препараттардан «деохлор» қолданылуда. Қоры жеткілікті. Есептік журнал жүргізілуде. Қол жууға арналған қол жуғыш, су жылытқыш және бір реттік сүлгілермен қамтамасыз етілген. ҚР Денсаулық Сақтау министрінің «Білім беру ұйымдарының білім алушылары және тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» 2017 жылғы 7 сәуірдегі №141 бұйрығына сәйкес келеді. Мектепте ай сайын дезинсекция, дератизация, дезинфекция, СНУ жасалып тұрады.

Жасалған актілері бар. Құжат қосымша тігілген. Мектеп ғимаратында № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген халықтың санитариялық - эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы санитариялық – эпидемиологиялық қортындысы бар, білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт негізінде жұмыс жасап жатқан тамақтандыру объектісі бар. Тамақтандыру объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық- эпидемиологиялық қорытынды №56242 30.04.2024 жыл. Тамақтандыру объектісі жалға берілгендіктен жалға алушылар туралы мәлімет Жеке кәсіпкер Кабжанова Гульжан Амангельдинова. Мектеп асханасы ғимараттың бірінші қабатында орналасқан. Ас блогының құрамында: ыстық цех, тарату бөлмесі, асхана ыдыстарын жуатын және қажетті арнайы, құрал - жабдықтармен, арнайы киіммен және асхана ыдыс-аяқ аспаптармен қамтамасыз етілген. Қатты және жұмсақ аспаптардың барлығына белгі қойылған. Мектеп асханасында аптасына бес күн 379 балаға 1 реттік тегін ыстық тамақ беріледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 70 бұйрық) бекітілген нормаларына сәйкес келетін компьютерлік сыныптармен,

Интернет желісіне қосылған компьютерлермен жабдықталуы талапқа сай.

Оқу сабақтарына арналған 18 сынып бөлмелері бар. 1 спортзал, 1 гимнастика залы, 3 шеберхана (ұлдар, қыздар), 1 асхана (63 балаға), 1 кітапхана бар. Әрбір сынып бөлмесінде микрофон - телефон гарнитурасы және web камерасы бар жиынтықта Интернетке қол жеткізу мүмкіндігі бар дербес компьютер бар. Мұғалім столы, жартылай жұмсақ орындық, оқушы парталары орындықтарымен, маркерлік тақта, шкафтар, керек жарақ дәрілері бар қобдишалар, көп функциялы құрылғы /көшірме, принтер, сканерлермен қамтылған, 1 сыныпта интерактивті тақта, Физика -63,9м², химия -68,3м² биология – 86,0м², география-64,5м оқу құралдарымен қамтылған.

Мектепте үш компьютерлік сынып жұмыс жасайды. Онда микрофон-телефон гарнитурасы және web камерасы бар жиынтықта интернетке қол жеткізу мүмкіндігі бар дербес компьютер, мұғалім столы, жартылай жұмсақ орындықтар, 39 оқушы парталары орындықтарымен, тақта, 1 интерактивті, маркерлік тақта, керек жарақ дәрілері бар қобдишалар, көп функциялы құрылғы/көшірме, принтер, сканерлермен қамтылған және бір интерактивті панель, оқу жабдықтарына арналған шкафтар, бейнекамера 26 компьютер, 21 ноутбук, 3 проектор бар.

Пән кабинеттерімен жабдықталуы:

Пән кабинеттерімен жабдықталуы:

2024 жылдың 20 маусым Қазақстан Республикасы Алматы қаласы ЖШС «Kaz Robo Lab» серіктестігімен келісім шарт арқылы (8623360.0т.) биология кабинеті құрылғыларымен қамтылды

Кітапхана жаңартылған жүйеде жұмыс жасайды /е кітапхана, екі бөлмеден тұрады, кітаптар қоймасы және оқу залы, кітап сөрелерінде оқу, анықтама, көркем әдебиет және басылымдар, аудио-бейнетекә сияқты кітапхана қоры және микрофон-телефон гарнитурасы және web камерасы бар, интернетке қолжетімді дербес компьютер, теледидар, интерактивті столы, оқушы столы, жартылай жұмсақ орындықтар, оқырман формулярына арналған шкафпен қамтылған,

1 спорт залы – 415,2 (м²), гимнастикалық бөлме -42,7 м мұғалімдерге, қыздар және ұлдарға арналған бөлмеден тұрады, балалардың оқу спорттық құралдары: кір тас - 1, спорттық секіrmек - 20, тоғызқұмалақ - 10, шашка - 10 шахмат - 10, гимнастикалық бруссы - 1, секіруге арналған планка - 1, гимнастикалық ағаш ат – 1, гимнастикалық снаряд – 1, футбол добы - 10, баскетбол добы -10, волейбол добы - 10, гимнастикалық матрас -16, теннис торы - 1, арқан - 1, оқу гранатасы - 1, спорттық оқу гранатасы – 4, үстел теннис столы – 4. Шеберханалар 51,7м² қыздар, 110,2 м² ұлдар шеберханасы болып екі бөлме қаралған. Мектепте көркем еңбек пәні бойынша (металл өңдеу станоктары, ағаш өңдеу станоктары, бұрғылау станогі) № 10,12 шеберхана сынып бөлмесі ұлдар және (тігін машиналары, аспаздық құрылғылар)

9 аспаздық, тігін қыздар сынып бөлмелері орналасқан. Шеберхана сынып бөлмесінде оқушылар металл өңдеу жұмыстарының негізгі түрлерімен және ағаш өңдеу тәсілдері түрлерімен сабақ өтіледі. Қыздар бөлімі тігін машиналары

мен және аспаздық өнер түрлері кәсіпке баулу бойынша түрлі материалдармен жұмыс істеу арқылы оқушылардың технологиялық ойлауын көркем эстетикалық талғамын дамытады. Қыздар және ұлдар шеберханаларында мұғалім столы микрофон - телефон гарнитурасы және web камерасы бар, интернетке қолжетімді дербес компьютермен жабдықталған, жартылай жұмсақ орындықтар, оқушы парталары орындықтарымен жабдықталған.

№1 бастауыш сынып- 65,3 , №2 бастауыш сынып-- 65,4 ,№3 бастауыш сынып- 65,1, №4 бастауыш сынып -62,5, №5 бастауыш сынып -62,5 №6 бастауыш сынып -62,5 №7 информатика -70,9. №8 орыс тілі-67,3, №9 қазақ тілі 64,9 №10 орыс тілі-64,9 №11 география-64,5, №12 математика-61,6, №13 тарих-65,3, №14 биология- 86,0, №15 химия-68,3

Мектепте 180 орындық мәжіліс залы бар

Мектептің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы – 100 %.

Ғимаратта ҚР ДСМ-76-бұйрығына, санитариялық нормаларға сәйкес санитариялық тораптар қол жуғыш 24 дана раковиналар, 24 дана унитаз,8 дана писуар орталық кәріз жүйесіне қосылған .

Мектепте 29 бейнебақылау жүйесі орнатылған, стандартқа қойылатын талаптар 2019 жылғы 23 қаңтардағы №32 және ішкі істер министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы №49 бұйрықтарға сәйкестендіру мақсатында ғимараттың сыртын жарықтандыру және қосымша бейнебақылау камераларын орнатуға смета жасалып, сұраныс берілді. Мектеп ауласына толықтай прожекторлар орнатылды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін кіру жолдары тұтқаларымен пандус, көру қабілеті нашар адамдарға арналған тактильді жол төсемі, дабыл батырмасы, түтін хабарлағыш орнатылған.

Ғимараттағы ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына сәйкес жағдай жасалуы (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрасты бояумен бояу) – 100%.

Білім алушылар контингенті;

2023-2024 оқу жылында 1-11-сынып оқушыларын оқытуды жүзеге асырады. Оқу жылының басында 33 сынып комплектісі, оның ішінде 503 оқушы құрады. 1-4 сынып аралығында 256 оқушы, 5-9 сынып аралығында 212, 10-11 сынып аралығында 35 оқушы. Ағымдағы оқу жылында 106 оқушы келіп, 96 оқушы кетті. Оқу жылы соңында 511 оқушыны құрады.

Сыныптар	2023-2024 оқу жылы		Өзгеру динамикасы
	басында	соңында	
1- 4 сыныптар	256	276	+20
5 – 9 сыныптар	212	205	-7
10-11 сыныптар	35	30	-5
Барлығы	503	511	+8

Орта буын және жоғары буын оқушылары тұрғылықты мекен жайында негізгі мектеп жалпы орта білім беретін мектеп болып ашылуына байланысты ауысты.

2023-2024 оқу жылындағы жинақ сынып саны – 33

Сыныптардың орташа толымдығы:

- ✓ 1 – 4 сыныптар – 17 оқушыдан
- ✓ 5 – 9 сыныптар – 14 оқушыдан
- ✓ 10-11 сыныптар – 12 оқушыдан

Оқу жылының басымен салыстырғанда оқушы саны 8 оқушыға артқан..

Білім алушылар контингентінің қозғалысы

Жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының 1-ші, 10-шы сыныптарына білім алушыларды қабылдау білім беру ұйымының қызмет көрсету аумағында тұратын білім алушылардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып және білім алушының жеке өтінішінің не олардың ата- аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтінішінің және негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының негізінде жүзеге асырылады.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар контингенті:

Сыныптар	2023-2024
1- 4 сыныптар	2
5 – 9 сыныптар	2
10-11 сыныптар	0
Барлығы	

Сабақ режимі білім алушылардың оқу жүктемесі 2023 жылдың 29 тамыздағы №1 пед.кеңестің шешімімен бекітіліп, мектеп мына режиммен жұмыс істеп келеді:

- ❖ ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес оқу сабақтарының ауысымдығын ескере отырып, мектеп әкімшілігі қызметкерлердің жұмыс уақыты режимі мен оқушылардың сабақ режимін белгіледі.
 - ❖ сабақ режимі екі ауысымдық. Бұйрыққа сәйкес оқу кабинеттері мен ауысымдар бойынша сыныптар бөлінді. I ауысымда – 18 сынып, II ауысымда -15 сынып.
 - ❖ 1-11 сыныптар оқушылары үшін 5 күндік оқу аптасы;
 - ❖ Сабақтың ұзақтығы 45 минут. I ауысым – оқу сабақтары 8:15-да , II ауысым 13.10 басталады.
 - ❖ Апталық сабақ режимі мектеп директоры бекіткен сабақ кестесімен айқындалады.
 - ❖ 1 сыныптарда – 33 апта, 2-11 сыныптарда – 34 аптаны құрады.
- Мектептегі сыныптардың толықтырылу сәйкестігі – 100%.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінде өлшем шарттар:

1.білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;

2023-2024 оқу жылында: 1 сыныптарда 19,5 сағат, 2 сыныптарда 24 сағат, 3-4 сыныптарда 26 сағат, 5 сыныптарда 28,5 сағат, 6 сыныптарда 28,5 сағат, 7 сыныптарда 32,5 сағат, 8 сыныптарда 32,5 сағат, 9 сыныптарда 34 сағат, 10-11 сыныптарында жаратылыстану бағытында 34 сағат.

инвариантты және вариативті (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) компоненттерін құрайтын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ УОЖ белгілеген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы:

2023-2024 оқу жылында 1-11 сыныптардағы апталық оқу жүктемесінің көлемі

Сыныптар/ жиынтық	Оқыту тілі	Ең көп апталық оқу жүктемесінің	Инвариантты оқу жүктемесі	Вариантты оқу жүктемесі
----------------------	------------	------------------------------------	------------------------------	----------------------------

сыныптар		көлемі		
1/3	қазақша	19,5\58,5	18,5\55,5	1/3
1\2	орысша	20,5\41	20,5\41	-
2/2	қазақша	24\48	22\44	2/4
2\2	орысша	24\52	23\50	1\2
3/2	қазақша	26\52	25\50	1/2
3\1	орысша	26\32	26\32	-
4/2	қазақша	26\52	25\50	1/2
4\1	орысша	27\27	27\27	-
Бастауыш сыныптар: 15 сынып\ 6 сынып (орысша)	Қазақша\ орысша	193\362,5	187\349,5	6\13
5/1	қазақша	28,5\30,5	28\30	0,5\0,5
5\1	орысша	29,5\31,5	29\31	0,5\0,5
5\1(лицей)	қазақша	33,5\42,5	27\36	6,5\6,5
5\1(лицей)	орысша	33,5\35,5	28\30	5,5\5,5
6\1	қазақша	28,5\30,5	28\30	0,5\0,5
6\1	орысша	29,5\31,5	29\31	0,5\0,5
6\1 (лицей)	қазақша	33,5\35,5	27\29	6,5\6,5
6\1 (лицей)	орысша	34,5\36,5	28\30	6,5\6,5
7/1	қазақша	31,5\32,5	31\32	0,5\0,5
7\1	орысша	32,5\41,5	32\41	0,5\0,5
8/2	қазақша	32,5\67	32\66	0,5\1
8\1	орысша	33,5\34,5	33\34	0,5\0,5
9/1	қазақша	34\42	33\41	1\1
9\1	орысша	35\36	34\35	1\1
5-9 сыныптар: 15 сынып \7 сынып (орысша)		450\527,5	419\496	31\31,5
10/1 жаратылыстану бағыт	Қазақша	35\45	32\42	3/3
10/1 жаратылыстану бағыт	Орысша	36\36	34\34	2/2
11/1 жаратылыстану бағыт	қазақша	35\35	32\32	3/3
10-11 сыныптар: 3 сынып (1 сынып орысша)		106\116	98\108	8\8

Сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау; (көшірмелері жүктелді)

Инклюзивті білім беретін сыныптар жоқ.

Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар:

1.ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 29031 болып тіркелеген) талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер);

ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес «онлайн-мектеп» электронды порталға қатаң түрде енгізілді.

Бастауыш саты бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру» сияқты бірнеше мәндес оқу пәндерін біріктіретін әрбір білім беру саласының ерекшеліктері ескеріле отырып жобаланған оқытудан күтілетін нәтижелер арқылы айқындалып отырады. Әрбір білім беру саласы бойынша оқытудың күтілетін нәтижелерін бақылау мақсатында мектепшілік басшылық пен бақылау жоспарына сәйкес жүзеге асырылып отырды.

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың ғылым жүйесінің базаалық негіздерін меңгеруіне, жеке тұлға ретінде өзін-өзі танытуына және кәсіптік бағдарлауына, сондай-ақ білім алушылардың бейіналды даярлығына бағытталып отыр. Білім алушылардың дайындық деңгейі бірнеше мәндес оқу пәндерін біріктіретін «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер» білім беру салаларының ерекшеліктері ескеріле отырып жобаланған оқытудан күтілетін нәтижелер арқылы айқындалуда. Негізгі орта білім берудің оқу бағдарламаларында білім беру салалары бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер әрбір оқу пәнінің бөлімдері бойынша оқыту мақсаттарында нақтыланып отыр. Мектепте лицей сыныптары 5-6 сыныптардан болғандықтан, бұл сыныптарды бейіналды тереңдетілген пәндер «Математика», «Жаратылыстану», «Ағылшын тілі» пәндері вариативті компонент негізінде жүзеге асырылып отыр.

Жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары оқытуды енгізе отырып, саралау, кіріктіру және білім беру мазмұнын кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленді. Осы айқындалған бағыт бойынша міндетті оқу пәндері қатарына «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Шетел тілі», «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия», «Информатика», «Қазақстан тарихы», «Дене шынықтыру», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық», «Биология», «Химия», «Физика», «География» пәндері еніп отыр.

2023-2024 оқу жылында мектеп ұжымы *«Сындарлы оқыту теориясының негізінде оқушыларға ұлттық құндылықтарға сай сапалы білім беру»* атты әдістемелік тақырып бойынша жұмыс жасадық. Аталған әдістемелік тақырып бойынша жұмыс бірінші жыл жүргізіліп жатыр және ұлттық білім беру жүйесін жаңарту жағдайында білім берудің қолжетімділігін, сапасы мен тиімділігін жүзеге асыру үшін жағдай жасауға, адамгершілік, адамгершілік, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі дамытуға ықпал етеді. үйлесімді, физикалық сау, шығармашылық және өзін-өзі анықтауға қабілетті жеке тұлға.


1.Білім алушылар контингенті.

Оқу жылының соңында 1-11 сыныптарды 511 оқушы аяқтады. Оның ішінде:

- 1-4 сыныптарды -276 оқушы ол барлық оқушының 54% құрайды.
- 5-9 сыныптарда -202 оқушы, ол барлық оқушының 39 % құрайды.

- 10-11 сыныптарда -30 оқушы, ол барлық оқушының 6 % құрайды.
- Жалпы мектеп үлгерімі -100%. 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша үлгермеушілер жоқ.
- Жалпы мектеп бойынша білім сапасы- 64 %.

Тоқсандар бойынша салыстырмалы білім сапасы



Енді әр буын бойынша білім сапасына тоқталсақ.

тоқсан	2-4 сынып			5-9 сынып			10-11 сынып			Барлығы		
	үздік	екпінді	%	үздік	екпінді	%	үздік	екпінді	%	үздік	екпінді	%
1 тоқсан	25	63	49	9	69	32	2	11	37	36	143	40,8
2 тоқсан	35	73	61	24	90	50	3	22	63	62	185	56,2
3 тоқсан	39	82	66,4	25	83	52	4	15	63,3	68	180	59,5
4 тоқсан	42	83	67	23	83	52	5	16	70	70	182	59,7
жылдық	41	87	68	26	95	59	4	19	77	71	201	64

Оқу жылында тоқсан сайын білім сапасы мониторингісі жасалынып, талдау-сараптау жұмыстары жүргізіліп, нәтижесі педагогикалық кеңестерде талқыланып, іске асырылып отырды. Мониторинг бойынша тоқсан сайын білім сапасының өсуі байқалады. Әр тоқсанның қорытындысы негізінде педагогикалық кеңестің шешімімен келесі тоқсанға болжам жасалады.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын білім алушылардың игеруін бақылау мақсатында білім беру ұйымдары «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылауды және қорытынды аттестаттауды жүзеге асырып келеді.

2023-2024 оқу жылы. «Ақмола облысы білім басқармасының әдістемелік орталығы» КММ-нің 2023 жылғы 24 қазандағы №477 хаты негізінде және Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларының 35-тармағына сәйкес 2023-2024 оқу жылынан бастап негізгі (5-8-сыныптар), жалпы орта (10-сынып) білім беру деңгейінде академиялық жыл аяқталған соң қазақ тілінде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі» пәні бойынша және қазақ тілінен басқа тілде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша емтихан тапсыру бекітілді.

Емтихан 27 мамыр-31 мамыр аралығында бекітілді. 5-8, 10 сыныптар бойынша мектептерде «Қазақ тілі» пәні бойынша және қазақ тілінен басқа тілде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша емтихан қорытындысы төмендегідей болды.

Сынып	Қатысқандар саны	Оның ішінде			
		«2»	«3»	«4»	«5»
5 «а»	18	-	-	8	10
5 «ә»	17	-	10	5	2
5 «б»	13	-	4	4	5
5 «в»	8	-	4	-	4
6 «а»	12	-	1	5	6
6 «ә»	18	-	10	6	2
6 «б»	5	-	-	4	1
6 «в»	15	-	4	9	2
7 «а»	18	-	9	5	4
7 «б»	20	-	12	8	-
8 «а»	11	-	7	2	2
8 «ә»	14	-	1	10	3
8 «б»	14	-	5	6	3
10 «а»	14	-	1	9	4
10 «б»	8	-	4	2	2
Барлығы	205	-	72	83	50

Жалпы аралық аттестаттауды 5-8, 10-сыныптың 205 оқушысы толық тапсырды. Оның ішінде 82 оқушы орыс тілінде оқытатын сыныптардан тапсырды.

Аралық аттестаттауды 72 оқушы «қанағаттанарлық», 83 оқушы «жақсы», 50 оқушы «өте жақсы» деген бағаға тапсырды. Емтиханның қорытындысы бойынша «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған оқушы жоқ. Жалпы қорытынды 64,8%.

1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңның 5 бабының 14 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің 2023 жылғы 04-сәуірдегі №304 бұйрығына сәйкес, Аршалы ауданы білім бөлімінің **2024 жылғы 18-сәуірдегі №175 бұйрығының негізінде бекітілді:**

9 сыныптардың қорытынды бітіру емтихандары 29 мамыр мен 10 маусым аралығы болып бекітілді:

1) қазақ тілі\орыс тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан - 2024 жылғы 29 мамыр;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) 2024 жылғы 3-маусым;

3) қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті \орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті жазбаша емтихан 2024 жылғы 6-маусым;

4) таңдау пәні (физика, химия, биология, география) бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 10-маусым;


9-сыныптар бойынша 22 оқушы қорытынды аттестаттауға қатысты.

Жалпы 9-сынып оқушыларының қорытынды аттестаттау қорытындысы


мына төмендегідей болды.

№	Пәннің атауы	Жалпы оқушы саны	Емтиханға қатысушылардың саны	«Өте жақсы» тапсырғандар	«Жақсы» бағасына тапсырғандар	«Қанағат» бағасына тапсырғандар	Білім сапасы
1	Қазақ тілі (оқыту тілі) эссе	17	17	5	5	7	59
2	Орыс тілі (оқыту тілі)	5	5	2	2	1	80
3	Математика (алгебра) қазақ тілінде	17	17	2	10	5	70
	Математика (алгебра) Орыс тілінде	5	5	3	2		100
4	Орыс тілі мен әдебиеті	17	17	7	4	6	65
5	Қазақ тілі мен әдебиеті	5	5	1	3	1	80
6	География	12	12	5	6	1	92
7	Биология	1	1	1			100
8	информатика	3	3	0	1	2	33
9	Ағылшын тілі	3	3	3			100
10	Құқық негіздері	1	1		4		100
11	Орыс әдебиеті	1	1		1		100
12	геометрия	1	1	1			100

9 «А» сыныптың емтихан қорытындысы (қазақ тілінде)



9 «Б» сыныптың емтихан қорытындысы (орыс тілінде)



11-сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары 2023 жылғы 5 маусым -19 маусым аралығы болып бекітілді;

1) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан - 2023 жылғы 8-маусым;

2) қазақ тілі (оқыту тілі) бойынша эссе түріндегі жазбаша емтихан - 2023 жылғы 5-маусым; 3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан 2023 жылғы 12 маусым;

4) Қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан - 2023 жылғы 15-маусым;

5) Таңдау пәні жазбаша емтихан - 2023 жылғы 19-маусым;

11-сыныптар бойынша 34 оқушы қорытынды аттестаттауға қатысты.

Жалпы 11-сынып оқушыларының қорытынды аттестаттау қорытындысы мына төмендегідей болды.

№	Пәннің атауы	Жалпы оқушы саны	Емтиханға қатысушылардың саны	«Өте жақсы» тапсырғандар	«Жақсы» бағасын а тапсырғандар	«Қанағат» бағасын а тапсырғандар	Білім сапасы
1	Алгебра және анализ бастамалары	8	8	7	1		100
2	Қазақтілі (оқыту тілі)	8	8	6	2		100
3	Қазақстан тарихы	8	8	7	1		100
4	Орыс тілі мен әдебиеті	8	8	6	2		100
5	Ағылшын тілі	3	3	3			100
6	биология	2	2	1	1		100
7	физика	1	1	1			100
8	Қазақ әдебиеті	2	2	2			100

Аралық қорытынды емтихан хаттамаларының көшірмелері ұсынылады.

Р Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 45 тармағына 3-тарауына сәйкес жақсы мінез-құлық танытқан 5-11 сыныптар аралығында барлық пәндерден жылдық және қорытынды бағалары «5» болған және Қорытынды аттестаттаудан «5» деген бағаға өткен мына төмендегі оқушыларға 1.Мухамеджан Асем «Алтын белгі» аттестаты мен «Алтын белгі» белгісін беру ұсынылды.

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды, олардың аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына және «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 мамырдағы №193 бұйрығы «Бастауыш, негізгі, жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім

алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидаларына» сәйкес БЖБ жұмыстары тоқсан барысында, ТЖБ жұмыстары тоқсан соңында алынады. Тоқсандық баға - формативті бағалау, БЖБ және ТЖБ қорытындысының негізінде 50-де 50-де пайыздық ара қатынаста қойылады. БЖБ үшін максималды балл 1-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11 сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болу керек қағида сақталды.

Мектепте тоқсан сайын ТЖБ кестесі жасалып мектеп басшысымен бекітіледі. ТЖБ - ның талапқа сай алынуы директор жанындағы кеңестерде қаралады.

Сыныптар бойынша оқушылардың ОБД% (оқушылардың білім деңгейі) жинақталып, бақылаулар жүргізіледі. Оқушылардың білім деңгейі ОБД% оқушылардың пән бойынша сабаққа қатысу пайызы, формативті бағалау және БЖБ, ТЖБ жұмыстары қорытындысының арақатынасы негізінде жасалынады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау электрондық журналдарда балл түрінде жүзеге асырылып отыр.

Мұғалім ТЖБ тапсырамаларының техникалық спецификациясы негізінде 2-11 сынып білім алушыларына арналған жиынтық жұмыс тапсырмаларын құрастырып отыр.

Білім алушылардың жетістіктерін бағалау үшін формативтік бағалау, ТЖБ оқу тапсырамаларын оқыған тақырыптар мен оқу мақсаттарына сәйкес жасап қатаң түрде басшылыққа алынып отыр.

2023-2024 оқу жылын БЖБ мен ТЖБ әдістемелік нұсқаулық хатына сәйкес жүргізіледі. Сонымен қатар формативті және суммативті бағалаудың өткізу алгоритмі сақталады. Формативті бағалау күнделікті электронды журналға 10 балдық жүйемен қойылады. Яғни 2-11 сынып білім алушылары бағаланды. Атап айтсақ 1-4 балл аралығы төмен деңгей, 5-7 балл орта, 8-10 балл жоғары деңгей. БЖБ және ТЖБ қорытындысы «Kundelik.kz» электронды журналдарға енгізілген, талдау жасалынған. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022ж. №348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту» туралы бұйрығының 2-қосымшасы 43-тармағына сәйкес бастауыш білім беру деңгейінде бағалау 2 сыныптан бастап формативті және жиынтық бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылып отыр. Сондай-ақ негізгі орта білім берудің білім алушыларын оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылып отыр (3-қосымшасы 59 тармағы). Жалпы орта білім берудің оқу жетістіктері 4-қосымшаның 53- тармағына сәйкес бағалау формативті және жиынтық бағалау формасында жүргізіледі.

2023-2024 оқу жылы пән дер бойынша оқушылардың білім деңгейі

№	Пәні/ сыныбы	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Әдебиеттік оқу	72	87	78							
2	Қазақ тілі	69	84	72	70	72	50	78	76	100	100
3	Қазақ әдебиеті				70	72	50	70	76	86	100
4	Орыс тілі мен әдебиет	94	85	70	81	77	72	76	85	80	100
5	Ағылшын тілі		82	73	82	72	59	72	76	83	100
6	Математика	79	78	67	70	70					
7	Алгебра						51	71	65	64	98
8	Геометрия						54	69	65	69	90
9	Информатика				82	79	79	88	98	98	100
10	Физика						49	65	61	66	90

11	Химия						79	85	79	80	100
12	Биология						58	80	88	87	100
13	География						77	95	94	100	100
14	Жаратылыстану	88	86	76	75	77					
15	Дүниетану	90	92	78							
16	Қазақстан тарихы				85	82	50	74	85	82	100
17	Дүние жүзі тарихы				83	87	60	77	88	86	100
18	Құқық негіздері								79	94	100

Ережеге сәйкес аптасына бір сағаттан өтілетін пәндер бойынша БЖБ жұмыстары тоқсандағы сағат санына сәйкес алынады. Аптасына бір рет болатын пәндер: 5-9 сыныптарда дүние жүзі тарихы, информатика, 7 сыныпта химия, 10-11 сыныптарда қазақ тілі, дүние жүзі тарихы пәндерінен ТЖБ жұмыстары алынған жоқ.

2) ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес оқыту кезінде инклюзивті білім беру талаптарын орындау (дамудың бұзылуын және әлеуметтік бейімделуді түзету):

Жаңартылған білім беру мазмұнында ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту кезінде оқу жетістіктерін анықтауда да критериалдық бағалау жүйесі қолданылды. Мектепте ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар психологиялық – медициналық - педагогикалық консультацияның қорытындысына сәйкес Қазақстан Республикасы БҒМ 2015 жылғы 18 маусымдағы №393 бұйрығы мен бекітілген арнайы оқу бағдарламалары бойынша оқыды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау психологиялық педагогикалық қолдау аясына бағытталды.

2023-2024 оқу жылында үйден оқытылатын оқушылар саны-1. ПМПК қорытындысы бойынша ата-ана өтініші негізінде үйден оқытуға аудандық білім бөлімі бұйрықшығарады, соның негізінде мектепшілік бұйрық шығарылды. Оқушыға жеке сабақ кестесі құрылып, сабақтар уақытылы өтілді. Оқушылардың білімі Күнделік.кз электронды журналында бағаланды. Мектеп психологтары оқушымен жеке түзету сабақтарын жүргізіп, даму динамикасын зерттеп отырды.

Мемлекеттің білім беруді дамыту саласындағы бірінші кезектегі міндеттерінің бірі – әрбір баланың сапалы білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз ету. Балалардың сапалы білім алу құқығы Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Бала құқықтары туралы» Заңдарында көрсетілген.

Қазіргі уақытта білім беру саласында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар үшін мектеп жағдайында инклюзивті оқытып, білім беру жағдайларын жасау өзекті мәселе болып табылады. Инклюзивті білім беру – бұл барлық балалар физикалық, психикалық, интеллектуалдық және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан жалпы білім беру жүйесіне енгізілген білім. Инклюзивті білім беру аясында ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала оқу процесіне бейімделуге тиіс емес, керісінше, оқытудың сипаты мен қарқыны баланың қажеттіліктеріне сәйкестендіріледі.

Оқу қиындықтарының ауырлығына байланысты оқушыларға қолдау көрсету қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді болуы мүмкін.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беретін мектептерге бейімдеу мамандандырылған оқу орындарына қарағанда жақсырақ, өйткені балалар да сонда әлеуметтік тәжірибе алады. Сонымен қатар, дені сау балалар ерекше білім беруді қажет ететін балалармен бірге оқи отырып, төзімділік пен жауапкершілікті дамытады, тәуелсіз болады деп саналады.

Білім беруді дамытуда ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу кезінде оқу-тәрбие процесін жүзеге асыру кезінде мектеп келесі нормативтік-құқықтық құжаттарды басшылыққа алады:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Бала құқықтары туралы конвенциясы.

- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы.
- Қазақстан Республикасының «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік-медициналық-педагогикалық коррекциялық қолдау туралы» Заңы.
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
- «Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы (түзету) білім беру ұйымдарының қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 24.11.2005 жылғы № 730 бұйрығы.

Мектеп жарғысы оқу-тәрбие процесінің құрылымы мен мазмұнын анықтайды.

- Ғылым және білім министрлігінің әдістемелік хаттары мен ұсыныстары.
- Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 «Арнайы білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» Жарлығы.
- Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 4 шілдедегі № 258 «Дамуында кемістіктері бар балаларға арналған арнаулы білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидалары» Жарлығы.
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты.
- «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 12.01. 2022 жылғы № 6 Жарлығы.

2023-2024 оқу жылдарында дамуындағы ауытқуларды түзету мақсатында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу, сондай-ақ оларды кейіннен қоғамға интеграциялау үшін әлеуметтік-психологиялық оңалту жұмыстары жасалды.

Мектепте арнайы құрал-жабдықтармен жабдықталған логопедиялық пункт жоқ.

Жалпы білім беретін мектептердегі ОПМПК қорытындысы негізге ала отырып, ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін «Инклюзивті білім беру туралы» бұйрық бекітіледі. Тереңдетілген психологиялық-педагогикалық сараптамадан кейін ОПМПК қорытындысымен, «Инклюзивті білім беру туралы» бұйрығы негізінде ерекше білім беруді қажет ететін балалармен психологиялық-педагогикалық жұмыстар ұйымдастырылған. Психологиялық-педагогикалық жұмыстарды ұйымдастырудың негізгі формасы жеке және топтық сабақтар болып табылады. Сабақ аптасына 2 рет өткізіледі, психологпен сабақтың ұзақтығы 40-45 минут, логопедпен 40-45 минут.

Әр оқу жылының қыркүйек айында құжаттаманың келесі түрлері құрастырылады:

1. «Инклюзивті білім беру туралы» бұйрығы
2. Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары
3. Зерттеу журналы
4. Түзете-дамытуға арналған жеке жоспарлары
5. Жеке – дамыту бағдарламалары
6. Ата-аналармен жұмыс жоспары
7. Мұғалімдермен жұмыс жоспары
8. Жылдық есеп

№	Аты-жөні	Туған жылы, айы, күні	Сыныбы	Тұжырым берілген күні	ОПМПК тұжырымы	Мекен жайы
1	Асылхан Бақтияр	02.05.2010	8А	15.04.2024 ж Жалпы білім беру бағдарламасы бойынша оқыту. Психологиялық-педагогикалық көмек көрсету. Сабақ барысында 1-партада отыру. Бақылау жүргізу.	Нарушения зрения. Слабовидящий ребенок. Көру қабілетінің бұзылуы. нашар көретін бала.	Жібек жолы ауылы Сатбаев 11
2	Бизат Тәңіріхан (обучение на дому)	18.10.2012	4А	30.11.2023 Ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған арнайы оқу бағдарламасы бойынша оқыту және тәрбиелеу. Мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысы.	Умеренные нарушения интеллекта	Жібек жолы ауылы, 3 мкр.19 үй

				И.Құтпанұлы орта мектебіннің КПИ кабинетінде Психологтың, логопедтің, көмегі.		
3	Амангелді Әлтайр Дулатұлы	30.04.2011 ж	6Ә	16.04.2024 ж. 1. Жеке тәсілмен жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған арнайы бағдарлама бойынша оқыту және тәрбиелеу. 2. Мектептің психологиялық-педагогикалық қызметінің жұмысы. И.Құтпанұлы орта мектебіндегі логопедпен, КПИ кабинетінде жұмыс жасау.	Умеренные нарушения интеллекта. Орташа ақыл-ой бұзылыстары	Жибек Жолы
4	Жұмағали Орал	28.10.2014 ж.	3А	15.08.2023 ж. Ақыл-ойы жеңіл бұзылған балаларға арналған арнайы оқу бағдарламасы бойынша оқыту және тәрбиелеу. Оқыту кезінде ақыл-ойы бұзылған балаларға арналған арнайы оқулықтар мен жұмыс дәптерлерін пайдалану. Мектепті психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің жұмысы. Ақыл-ой қабілетін қалыптастыру үшін дефектологпен жұмыс. Сөйлеудің фонетикалық-фонематикалық және Лексико-грамматикалық жағын қалыптастыру бойынша логопедпен сабақтар.	Жеңіл ақыл-ой бұзылыстары	Жибек Жолы

Негізгі бағыттар мен ерекше білім саласындағы қажеттіліктері бар балалар үшін психологиялық көмектің ерекшеліктері

- Жалпы орта мектептерде мүмкіндігі шектеулі балаларды дені сау балалармен бірге оқыту;
- Ерекше білім саласында барлық адамдарға тең қарым – қатынаста болу;
- Балалар арасында дискриминацияны болдырмау;
- Арнайы білім беруді қажет ететін балаларға арнайы жағдай жасау;

2023-2024 оқу жылында кешенді психологиялық-педагогикалық тексеруден кейін ОПМПК мамандарының кеңесінің нәтижесінде 4 ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушы анықталды. ОПМПК қорытындысы бойынша осы 4 оқушының 3-іне психологиялық-педагогикалық көмек көрсетілді.. 1 оқушы үй жағдайында оқытылды. Бизат Тәңгірхан - мектеп психологы психологиялық сабақтар өткізді. 3 «А» сыныбының сынып жетекшісі Қапашова Қалуамен үй жағдайында оқып жатқан Бизат Тәңгірхан оқушымызға барып, тұрғын үй актысы жасалынған болатын. Акт бойынша Тәңгірхан қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз етілген, өзінің жеке бөлмесі бар. Ата-анасы Тәңгірханды қажетті рухани, әлеуметтік, тұрмыстық жағдаймен қамтамасыз ете алады. Оқу барысында күнтізбелік жоспарға сәйкес тақырыптар өткізілді. Мақсаттар мен міндеттер жарты жыл ішінде сабаққа жоспарланған мақсаттар бойынша өтті.

Мақсаттар: Оқушының өзіне қол жетімді білімін жетілдіру, оларды әлеуметтік бейімделуіне және тәуелсіз еңбек қызметіне дайындауына ықпал ететін дағдыларын қалыптастыру
2023-2024 оқу жылында үйден оқыту бойынша 4 сынып оқушысы Бизат Тангирханға сабақ бердім. Тақырыптық күнтізбелік жоспар мүмкіндігі шектеулі оқушының медициналық көрсеткіші

мен психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып барынша жеңілдетіліп жасалған. І-жарты жылдық бойынша тоқсанның оқу бағдарламасы толық орындалды. Оқулықтағы негізгі мәселерді басшылыққа ұстап, пәндер бойынша жасалған күнтізбелік жоспарларға негізделіп отырып, сабақ жоспары жеңіл түрде құрылған.

Оқушының тіл байлығы жоқ, қаламды өз еркімен ұстай алмайды. Сабақты бастамас бұрын сергіту жаттығуын, саусақ жаттығу, саусақ массажын жасаймыз.

Математика сабағын ойын әдісі арқылы өткіздім. Тангирханға сабақ кезінде ойнағаны ұнайды, бырақ ол тез шаршап қалады. Тіл дамыту пәнінде қазақша ертегі мультфильмдер, сурет арқылы, сәйкестендір деген тапсырмаларды орындадық, ашық буындары бар карточкаларды бірге қайталап айтқызым. Айналадағы әлем пәнінен үлкен суреттерді көрсетіп әңгімелеймін, мұғалім көмегімен түсінгенін айтады. Суреттегі заттарды, сандарды атай алады, сан құрамын мұғалімнің көмегімен айтады. Әріптерді таниды, буындап оқи алмайды. Математика сабағында көрнекіліктермен жұмыс жасаймыз. Сурет арқылы есептерді мұғалімнің көмегімен шығарады.

Тангирхан үлкен суреттерді қарауды және ойын ойнауды ұнатады.

Өзімнің білімімді жетілдіру үшін үнемі ізденіп білімімді толықтырып отырамын. Оқу жоспары бойынша барлық бағдарламаларды өткіздім.

Қолданған әдіс-тәсілдерім: 1 «Кімге не жетпейді» қыстырғышпен ойын (әдіс); 2 «Шаттық шеңбері» (сергіту сәті)



3 «Сәйкестендір» әдісі;

4 «Сыңарын тап» әдісі

Баланың даму динамикасы бойынша анықталды: Тапсырмаларды мұғалімнің көмегімен орындай алады. Зейін тұрақсыз, Ауызекі сөйлеуі төмен,



тазалығы, адамгершілігі жақсы, пәнге қызығушылығы орташа кеңістікті қабылдауы төмен,



Берілген бағыт бойынша іздеу жұмыстарын мұғалімнің көмегімен орындайды. 1,2 жарты жылдық бойынша қорытынды: оқуы төмен, сабақ үлгерімі төмен, оқып жүрген сабақтардан – «3», деген баға алып жүр.



Амангелді Әлтайр Дулатұлы- оқу мен жазу дағдыларын, сөйлеудің фонетикалық және фонематикалық жағын қалыптастыру, сөздің лексикалық және грамматикалық жағын дамыту, танымдық және оқу әрекетін дамыту жұмыстары жүргізілді. Жеке көзқараспен жалпы білім беретін оқу бағдарламасы

бойынша білім берілді.

Асылхан Бахтиярдың оқуына қажетті арнайы көру қабілеті нашар балаларға арналған оқу кітаптары табысталған болатын.

Иикнлюзивті білім беруді ұйымдастыру бойынша оқыту курсынан – 16 мұғалім өткен. Ол барлық мұғалімнің 31% құрайды.

2023-2024 оқу жылындағы түзету жұмыстарының қорытындысы: оқу жылы ішінде -мұғалімдер мен ата-аналарға ай сайынғы кеңестер өткізілді.

1. Оқу мерзіміне өлшемшарттар:

1) тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;

Мектепте бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі (1, 2, 3, 4 сыныптар) - 4 жыл, негізгі орта білім берудің оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі (5, 6, 7, 8, 9 сыныптар) - 5 жыл, жалпы орта білім берудің оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі (10,11 сыныптар) - 2 жыл.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының» 2 – қосымша 73-тармағы, 3 – қосымшаның 96- тармағы, 4-қосымшаның 99-тармағына сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының» 2 – қосымшаның 46- тармағы, 3-қосымшаның 62 -тармағы, 4-қосымшаның 56-тармағына сәйкес.

2) Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

2023-2024 оқу жылы «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5 бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрлігінің 3 тамыздағы 2023 жылғы №348 бұйрығы негізінде;

Меншік нысанына және ведомствалық бағыныстылығына қарамастан 2023 – 2024 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалды. 2023 - 2024 оқу жылының басталу мерзімі 2023 жылғы 1 қыркүйек -2024 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

Оқу жылының ұзақтығы 1 - сыныптарда - 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда - 34 оқу аптасы.

1-тоқсан- 8 оқу аптасы, күзгі демалыс-күнтізбелік 7 күн (2023 жылғы 30 қазан - 5 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан- 8 оқу аптасы, қысқы демалыс-күнтізбелік 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс-күнтізбелік 11 күн күн (2024 жылғы 21 -

31наурызды қоса алғанда);

1- сыныптарда қомысша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 5 - 11 ақпанды қоса алғанда)

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

